

Шәкірттеріміз облыс қана емес, жүрген бәсекелерде топ жарып, еле

● Жоғары оқу орнында

БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТ – ЕГІЗ ҰҒЫМ

Республикадағы іргелі оқу орындарының бірі – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. Ондағы «Педагогика және мәдениет» факультетінің өзіндік тарихы мен ерекшеліктері бар.

Факультет 1967 жылы 11 сәуірде Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақстан Министрлер Кеңесінің №230 қаулысына сәйкес республикалық мәдени-ағарту мекемелеріне жоғары білікті мамандар және жалпы білім беретін мектептерде музыка пәнінің мұғалімдерін даярлау мақсатында ашылған педагогикалық мәдениет институты негізінде құрылды. 1996 жылы Қазақстандағы жоғары оқу орындарын оңтайландыру реформасына орай М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті құрамына кірді.

«Педагогика және мәдениет» факультетінің мақсаты кәсіптік біліктілікке ие және еліміз бен өңір көлемінде шығармашылық қызметті іске асыруға әлеуеті бар, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау болып табылады.

Факультетіміздің негізгі құндылығы – кәсіби шеберлігі жоғары, педагогикалық жағынан жаңашыл, шығармашыл, бастамашыл және өлемнің түпкір-түпкірінде өз біліктіліктерін көтерген профессор-оқытушылардың көптігінде.

Бізге жоғары білікті мамандар қызмет ететін 6 кафедра бар. Факультеттің ғылыми потенциалы жоғары деңгейде. Кафедраларда ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары, сондай-ақ, магистр мамандар оқу-тәрбие жұмысын жүргізеді. Атап айтқанда, 185 оқытушының 1-еуі – академик, 14-і – ғылым докторы, 12-сі – профессор, 56-сы – ғылым кандидаты мен доцент, 20-ы магистр, 10-ы ҚР үздік қызметкері, 25-і – халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары, 11-і – ҚР білім беру ісінің үздігі.

Профессорлық-оқытушылық құрам ұжымға сіңірген еңбегіне сәйкес «ҚР ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегерлері атанып келеді. Мәселен, 2014-2015 оқу жылында факультет деканы, педагогика ғылымының докторы, доцент К.Әжібеков, Қ.Жолдасбекова, Ю.Сапарова, 2015-2016 оқу жылында «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымының кандидаты, доцент Г.Отарбаева, педагогика ғылымының докторы, профессор Е.Омар «ҚР ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегерлері атанды.

Факультет түлектері Қазақстанның барлық аймақтарымен қоса, жақын және алыс шет мемлекеттерде еңбек етуде. Олардың арасынан Қазақстан Республикасының халық өртістері, еңбегі сіңген өртістер, еңбегі сіңген өнер қайраткерлері, халықаралық және республикалық өнер байқауларының, фестивальдардың лауреаттары мен дипломанттары шықты. Факультет төмендегі мамандықтар бойынша бакалаврлар даярлайды:

Тарих (педагогикалық); Тарих (гуманитарлық); Археология және этнология; География; Әлеуметтік жұмыс; Мәдени-тынығу жұмысы; Музыкалық білім; Аспапта орындау; Хореография; Режиссура; Кітапхана ісі; Кескіңдеме; Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау; Дызайн; Сәндік өнер; Бейнелеу өнері және сызу.

Соның ішінде 12 мамандық бойынша магистрлер даярлайды.

«Педагогика және мәдениет» факультеті білім саласында сандық және сапалық көрсеткіштерді жақсартып, халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтіп келеді. Шетелдік оқу орындарымен серіктестік бағдарламалар саны арта түсуде. Іс-тәжірибе алмасу, академиялық ұтқырлық бағдарламалары ойдағыдай іске асырылуда.

Біздегі профессорлық-оқытушылық құрам ғылымның өртүрлі саласында жұмыс жасайтын ғылыми монографиялардың авторлары, алдыңғы қатарлы тарихшылар, педагогтар екенін мақтан тұтамыз.

Оқытушыларымыз жүйелі түрде АҚШ, Испания, Алмания, Түркия, Чехия, Болгария, сонымен қатар Ресей Федерациясы, Украина, Қырғызстан, Әзірбайжан елдерінде өткен халықаралық ғылыми-конференцияларға қатысып, баяндамалар жасап тұрады.

Факультет жанында ғылыми-зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Сонымен қатар, студенттердің ғылыммен айналысуын жүзеге асыру үшін 10 үйірме, мәдениет, өнер саласындағы біліктілігін арттыру мақсатында 2 студенттік театр, ансамбль, домбыра оркестрі, кино-арт, бейнелеу көрмесі бар.

Ресурстар орталығы заман талабына сай компьютерлік техникамен толықтай жабдықталған. Кітапханалық оқу залы кітап қорымен қамтылған. 5 қабатты жатақхана, спорт залы, акт залы студенттерге қызмет етеді.

Шығармашылық ұжым ғылыми және кәсіби бағдар беру мақсатында қаланың барлық мектептерімен тығыз байланыс орнатқан. Бұдан бөлек бұл жұмыс облыс аудандарына да қамтиды.

Тәрбие жұмысы тиынақты жүргізіледі. Студенттер қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Шәкірттеріміз облыс қана емес, республика деңгейінде өткізіліп жүрген бәсекелерде топ жарып, елеулі жетістіктерге жетіп жүр.

Ғылыми және шығармашылық үйірмелер студенттердің сабақтан тыс уақыттарын үйлесімді өткізуге септігін тигізуде. Факультеттегі «Думан» және «Өркен» жастар театры тек университеттің ғана емес, республика көлеміне танымай болды десек, артық айтқандық емес.

Түлектеріміз республикамыздың барлық аумағында білім беру, әлеуметтік, ғылыми салалар мен мәдениет және өнер мекемелерінде жемісті еңбек етуде. Іскерліктері мен шеберліктері арқасында басшылық қызмет атқарып жүргендері де жетерлік.

Атап айтар болсақ, ҚР халық өртістері Е.Хасанғалиев, М.Жүнісова, Н.Есқалиева, М.Омаров, ҚР еңбек сіңірген өртістері Р.Гайсин, Г.Сүндетова, «НұрМұқасан» тобы, «Жігіттер» квартеті, тағы басқа жұлдыздар біздің факультеттен білім алып, үлкен өнерге қанат қаққан.

Алдағы уақытта да педагогика, мәдениет, өнер саласының майталмандарын даярлай беретінімізге шүбә жоқ. Білікті де білгір мамандар еліміздің мектептері, мәдениет, өнер мекемелері үшін ауадай қажет. Сондықтан факультет ұжымы қоғамдық мақсат-мүдде биігінен көрінуге барынша күш салып келеді.

Ұлы Абай білім мен ілім іздеген жастарға «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп үміт артқан болатын. Қалаған мамандықтың иесі болып, білікті маман ретінде еңбек етіп, егемен еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосу – әрбір азаматтың, оның ішінде жас буын өкілдерінің міндетті парызы.

Ұлттық педагогиканы, қазақ мәдениеті мен өнерін өлемге паш етумен қатар білікті маман болып, өз ісіміздің шебері атанамыз десеңіздер, біздің факультетке келіңіздер дейміз сөз соңында.

Қанат ӘЖІБЕКОВ,
М.Әуезов атындағы

ОҚМУ «Педагогика және мәдениет»
факультетінің деканы,

педагогика ғылымдарының докторы, доцент.